

Р.Т. Дуламбаева*, *э.з.д., профессор¹*

А.Н. Турекурова, PhD докторы²

З.К. Жаныбаева, э.з.к., доцент²

А.Е. Беделбаева, магистр, ага оқытушы³

Қазақстан Республикасы Президентінің жасындағы

Мемлекеттік басқару академиясы¹

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті²

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Илияс Жансугиров атындағы Жетісу университеті³

Талдықорган қ., Қазақстан

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

email: dametken.t@gmail.com

ӨҢІРЛЕРДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРИН ЗЕРТТЕУ

Мақала өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері мен әдістемелерін зерттеуге арналған. Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігінің теориялық негіздеріне зерттеу, аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың тұжырымдалары мен қолданыстағы әдістемелеріне талдау жасалды және осы әдістемелерді қолдану бойынша нақты ұсыныстар әзірленді және негұрлым жиі қолданылатын көрсеткіштер жүйесіне шолу жасалды. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын талдау үшін макроэкономикалық көрсеткіштерге негізделген сандық бағалау әдістері, бағалаудың интегралды әдістері, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін рейтингтік, сараптамалық және шетелдік бағалау әдістері қарастырылды. Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін талдау мен бағалау әдістерінің негізгі ерекшеліктері анықталды және бағалау әдістеріндегі әлеуметтік факторларға басымдық берілетіндігі, аймақты бағалаудың сандық әдістерін бір-бірінен блек әрі кешенді қолдануға болатындығы, шетелдік әдістемелерде көптеген көрсеткіштер жүйесі қолданылатындығы, ол кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік беретіндігі туралы қорытынды жасалды.

Кітім сөздер: өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі, әлеуметтік-экономикалық даму, әдіс, әдістеме, көрсеткіштер жүйесі, сандық бағалау, интегралды әдіс, рейтингтік бағалау, сараптамалық бағалау әдісі, әлеуметтік фактор.

Ключевые слова: конкурентоспособность регионов, социально-экономическое развитие, метод, методика, система показателей, количественная оценка, интегральный метод, рейтинговая оценка, метод экспертиных оценок, социальный фактор.

Keywords: regional competitiveness, socio-economic development, method, methodology, indicator system, quantitative assessment, integral method, rating assessment, expert assessment method, social factor.

Кіріспе. Бұғынгі таңда мемлекеттің дамуы көбінесе оның жекелеген өңірлерінің, аймақтарының бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Қазақстандағы аймақтың бәсекеге қабілеттіліктің дамуын оның эконом-

икалық өсуінің детерминанты, аймақтың экономикалық дамуының негізгі шарты және аймақаралық ынтымақтастықты дамытудың қажетті факторы ретінде қарастыруға болады. Өңірлердің бәсекеге қабілет-

тілігінің даму тенденциялары, белгілі бір аймақтың бәсекелестік артықшылықтарының өзгеруі мемлекет экономикасын дамытудың негізгі драйверлері болып табылады.

Қарастырылып отырған тақырыпқа байланысты көптеген зерттеулердің бар болуына қарамастан, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін талдау және бағалау туралы жүйелі тұжырымдардың жетіспеушілігі өткір сезілуде. Өнірлердің бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру және артыру мәселелері негұрлым терең әдістемелік өндеуді талап етеді. Аталған мәселелердің өзектілігі, теориялық және әдіснамалық пысықталуының жеткіліксіздігі зерттеудің тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тандауды айқындады.

Зерттеудің мақсаты – өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың теориялық және әдістемелік тәсілдерін зерттеу, оларды қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Зерттеудің міндеттері: өнірлердің бәсекеге қабілеттілігінің теориялық негіздерін зерттеу, өнірдің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың қолданыстағы әдістемелеріне талдау жүргізу; аумақтың бәсекеге қабілеттілігінің бағалау әдістемелерін қолдану бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін аймақтық экономика саласындағы жетекші экономист ғалымдардың еңбектері мен қолданбалы жұмыстары құрады. Зерттеу әдістемесі жүйелік тәсілге негізделген. Зерттеу құралы ретінде диалектика және синергетика, пәндік-логикалық, функционалдық және ситуациялық талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы – бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың және өнірлік дамуды талдаудың әдістемелік құралдарын жетілдіруге бағытталған тұжырымдар мен ұсыныстар аймақтық экономиканы реттеу саласындағы теңгерімді басқару шешімдерін негіздеу кезінде қолдану мүмкіндігінен көрініс табады.

Әдебиеттік шолу. Өнірлік экономика

тәуелсіз ғылыми пән ретінде өткен ғасырдың ортасынан бастап белсенді дамыды. Өнірлер мен елдің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың теориялық және әдіснамалық негіздері, сондай-ақ өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының жекелеген мәселелері А. Ревайкин [1], Е. Губанова, В. Клещ [2], В. Меркушов [3], Л. Ушвицкий, В. Парахина [4], Н. Ларина, А. Макаев [5], Б. Жихаревич, А. Крыловский [6] еңбектерінде, сондай-ақ Дүниежүзілік экономикалық форум мен менеджмент институтының (Institute of Management Development) зерттеулерінде қарастырылды.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың тұжырымдамасын М. Порттер ұсынған. Ол бәсекеге қабілеттілікті аймақтың басқа аймақтармен салыстырғанда ресурстарды, жұмыс күші мен капиталды пайдалану өнімділігі, жан басына шаққандағы жалпы аймақтың өнімнің мөлшері мен динамикасында интеграцияланған көрсеткіштермен анықталады деп тұжырымдады [7].

А. Селезневтің пікірінше, аймақтың бәсекеге қабілеттілігі экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа факторларға байланысты аймақтың және оның жекелеген тауар өндірушілерінің ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдайы арқылы көрінеді [8].

Л. Шеховцеваның анықтamasы ұсынылған тұжырымдамалардан ерекшеленеді, ол М. Порттер ұсынған елдің бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасына сүйене отырып, аймақтың бәсекеге қабілеттілігін өнірлік ресурстарды, ең алдымен жұмыс күші мен капиталды пайдалану өнімділігі ретінде көрсетеді [9].

Осылайша, қарастырылып отырған тақырыпқа байланысты көптеген зерттеулердің бар болуына қарамастан, өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін талдау және бағалаудың әдіснамалық пысықталуы жеткіліксіз дәрежеде.

Негізгі бөлім. Қазіргі уақытта бағалау кезінде қойылған әр түрлі мақсаттарға байланысты аймақтардың бәсекеге қабілет-

Экономика

тілігін бағалаудың авторлық әдістері алуан түрлі. Эр түрлі әдістердің авторлары аймактың бәсекеге қабілеттілігін бағалау көрсеткіші кешенді екендігімен келіседі. Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың негұрлым жиі қолданылатын көрсеткіштер жүйесіне келесілер жатады:

- өнірдің экономикалық даму деңгейі көрсеткіштерінің жүйесі;
- өнірдің инвестициялық тартымдылығы көрсеткіштерінің жүйесі;
- бәсекелестік артықшылықтар көрсеткіштерінің жүйесі;
- өнірлік тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі;
- аймақ тұрғындарының өмір сүру дең-

гейі мен сапасының көрсеткіштер жүйесі және басқалары.

Халықаралық тәжірибеде статистикалық көрсеткіштерге, сауланамаларга және құрделі индекстерге негізделген Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемелері аса танымал.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын талдау үшін макроэкономикалық көрсеткіштерге негізделген сандық бағалау әдістерін, бағалаудың интегралды әдістерін, аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін рейтингтік бағалау, сараптамалық бағалау әдістерін және шетелдік әдістерді қарастырайық.

1-кесте

Өнірдің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері*

| Әдіс атауы 1 | Сипаттамасы 2 |
|---|--|
| | |
| 1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың интегралды көрсеткіші (А. Ревайкин) [1] | ЖӘӨ-ге баса назар аудара отырып, өнірдің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштеріне бағдарланған. Ол елдің орташа деңгейімен салыстырғанда аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайды |
| 2. Әлеуметтік-экономикалық дамудың интегралды көрсеткіші (Е. Губанова, В. Клеш) [2] | Негізгі макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерді ескереді, экономикалық тұрақтандыру тұрғысынан және экономикалық қауіпсіздіктің «шекті» мәндеріне қатысты аймақтың жағдайын сипаттайды |
| Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың интегралдық әдістері | |
| 3. Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін интегралдық бағалау (В. Меркушов) [3] | Бәсекеге қабілеттілікті бағалау үшін көрсеткіштердің үшкүрамды жүйесі қолданылады: өнірдің экономикалық әлеуеті, өнірлік тиімділігі, бәсекелестік артықшылықтары |
| 4. Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін интегралдық бағалау (Л. Ушвицкий, В. Парахина) [4]. | Аймақтың бәсекеге қабілеттілігінің үш аспектісі қарастырылады: халықтың өмір сүру деңгейі, аймақтың экономикалық механизмінің тиімділігі, инвестициялық тартымдылық |
| Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың рейтингтік әдістері | |
| 5. Өнірлердің бәсекеге қабілеттілігінің IRPEX рейтингісі | Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл рейтинг аймақтың дамудың үш компонентін сипаттайды: бәсекеге қабілеттілік деңгейі, аймақтың даму сапасы мен тұрақтылығы және ФЕСТ-рейтинг. 130 экономикалық, әлеуметтік, қаржылық, аумақтық көрсеткіштер пайдаланылады |

Экономика

| 1 | 2 |
|--|---|
| 6. Өнірлердің даму рейтингісі (PPP) | Әдіс үш саладағы аймақтың даму деңгейін сипаттайтын 15 статистикалық көрсеткішке негізделген: әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылым |
| 7. Индексті есептеу негізінде өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау (Н.И. Ларина, А.И. Макаев) [5] | Мәні белгілі бір индикаторлардың осы көрсеткіш бойынша елдің жағдайын бағалайтын жалпыға ауысуы |
| Эксперттік бағалау әдісі | |
| 8. Эксперттік бағалау әдісі (Б.Жихаревич, А. Крыловский) [6] | Объективті бағалауды қалыптастыру үшін сарапшылармен жұмысты ұйымдастыруды және олардың пікірлерін сандық және сапалық түрде өңдеуді қамтиды |
| Шетелдік әдістер | |
| 9. Еуропалық комиссияның әдісі | Бенчмаркинг әдістемесін қолдану, атап айтқанда өнірдің меншікті көрсеткіштерін бәсекелестердің көрсеткіштерімен салыстыру. 4 негізгі көрсеткіш қолданылады: экономика, демография, білім беру, еңбек нарығы |
| 10. Еуразиялық бәсекеге қабілеттілік институтының әдісі | Өнірлік дамудың өзекті көрсеткіштері ғана бағаланып қоймай, өнір басқарушысында «озық даму және бизнеспен серіктестік» стратегиясынын болуы да бағаланады. Өнірлік дамудың 10-нан астам көрсеткіштері қолданылады |
| 11. Дүниежүзілік экономикалық форум мен менеджмент институтының әдісі (Institute of Management Development, IMD) | Елдердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін қолданылады. 333 критерий пайдаланылады, олар 4 топқа біркітірілген: экономикалық қызмет, үкіметтің тиімділігі, бизнестің тиімділігі, инфрақұрылым |

*Авторлармен құрастырылған

Сандық және интегралды бағалау әдістері әлеуметтік-экономикалық даму тиімділігінің интегралды көрсеткіштері негізінде есептеледі. Интегралдылық аймақ ішіндегі жеке процестердің динамикасын сипаттайтын жеке көрсеткіштердің жиынтығын есептеумен қамтамасыз етіледі. Бірақ бәсекеге қабілеттіліктің интеграцияланған индикаторын табу кын, өйткені, әдетте, салыстырылатын сипаттамалар гетерогенді және физикалық сипаттамалармен салыстырылаға келмейтіндіктен, әр түрлі көрсеткіштердің біртекті негізін білу қажет.

Егер басқа аймактар арасында аймақтың бәсекелестік жағдайын анықтау және өзара салыстыру қажет болса, онда әр түрлі зерттеушілер арасында үлкен танымалдық-қа ие болған аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың рейтингтік әдісін қолдануға болады. Бұл әдіспен бәсекеге қабілеттілікті

өлшеу үшін индикаторларды таңдаудың әр түрлі нұсқалары бар және рейтингтегі әдіснамаға байланысты.

Талдауды жүргізу үшін сапартамалық статистикалық деректерді қолдану керек, оларды топтарға біркітіру қажет. Рейтингтік бағалаудың қорытынды көрсеткішін есептеу үшін әрбір көрсеткіш бойынша салыстыру жүргізу және осы көрсеткіштер мәндерінің төмендеу тәртібімен өнірлерді саралу қажет. Осыған байланысты салыстырылатын объектілердің жиынтығындағы ең жоғары нәтижелерден аймақтың бәсекеге қабілеттілігіне объективті баға беріледі.

Ю. Фридманның зерттеушілер тобы өз әдістемесіне сәйкес аймақтың позицияларын салыстыратын бес факторға сүйене отырып, аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалайды. Бұл факторлардың қатарына мыналар кіреді:

Экономика

- өнірдің экономикалық әлеуетінің деңгейі;
- өнірдің экономикалық әлеуетін пайдалану тиімділігі;
- өнірдің түрғындар үшін тартымдылығы;

- өнірдің бизнес үшін тартымдылығы;
- аймақ экономикасының жаңашылдығы.

Бұдан әрі бұл факторлар құрылымы 1-суретте көрсетілген 26 көрсеткіш бойынша салыстырылады.



1-сурет. Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалау көрсеткіштерінің құрылымы *

*Автормен [10] негізінде әзірленген

Есептеулер үшін ақпараттық базаны анықтағаннан кейін, әр индикатор үшін аймақ экономикасының қауіпсіздігін жергілікті бағалау есептеледі. Бұл жерде математикалық құралдарды қолдану ұсынылады. Зерттеудің соңғы кезеңі аймақ экономикасының қорғалуын интегралды бағалау болып табылады. Осы мақсаттар үшін белгілі бір көрсеткіштің аймақтың бәсекеге қабілеттілік деңгейіне ықтимал әсерін түпкілікті түсіну үшін аймақтың жергілікті қауіпсіздік бағалауларынан орташа өлшенген әдіс және корреляциялық-регрессивті талдау әдісі қолданылады [10].

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың ең көп таралған әдісі – сараптамалық әдіс. Бұл әдістің артықшылығы – тәжірибесі

бар көптеген сарапшыларды қамту мүмкіндігі, бірақ сарапшылардың пікірлерінің субъективтілігі және сарапшылардың сауалнамасы нәтижесінде алынған мәліметтер сенімді екендігіне кепілдік жоқ.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, орынқыты экономикалық даму экономика салаларын жан-жақты әртаратандыру негізінде шаруашылық жүргізуіндегі инновациялық моделіне көшу кезіндеған мүмкін болады [11].

Осылайша, өнірлердің бәсекеге қабілеттілігін талдау мен бағалаудың әдістері мен әдістемелері сан алуан және өзіндік ерекшеліктері бар.

Корытынды. Бәсекеге қабілеттілікті бағалау әдістерін талдай отырып, бірнеше корытынды жасауға болады:

1. Аймақты бағалаудың сандық әдістерін бір-бірінен бөлек те, кешенді де қолдануға болады, бұл объективті баға алуға мүмкіндік береді.

2. Каастрылған әдістердің әрқайсында аймақтың бәсекеге қабілеттілігін анықтауға және басқа бәсекелес аймақтар арасындағы аймақтың жағдайын өзгертетін индикаторларды анықтауға арналған белгілі бір көрсеткіштер жиынтығы бар.

3. Өнірдің бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістерінде әлеуметтік факторларға (білім деңгейі, адами және зияткерлік капитал, көші-қон, қылмыс деңгейі және т.б.) басымдық беріледі. Бұл факторлар бәсекеге қабілетті өнім өндіру, қызмет көрсету, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану негізінде жұмыстар жүргізу есебінен өнірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сон-

дай-ақ, осы әдістемелерде өнірдің инвестициялық әлеуеті ескеріледі. Қазіргі уақытта инвесторларды тарту үшін ресурстық базаға қарағанда жақсы дамыған инфрақұрылым болуы керек, сондықтан бұл фактор ете маңызды.

4. Шетелдік әдістемелерде көптеген көрсеткіштер қолданылады, бұл ең кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Қазақстандық әдістемелерде белгілі бір бағыты бар немесе қоғам өмірінің аз салаларын қамтитын көрсеткіштер пайдаланылады, бұл өнірдің бәсекеге қабілеттілігіне неғұрлым ежей-тегжейлі талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылыми комитетінің №АР08857332 гранты бойынша зерттеу нәтижелері негізінде дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ревайкин А.С. Об интегральном показателе социально-экономического развития территории // Мониторинг социально-экономических процессов в Республике Карелия. – Петрозаводск: КарНЦ РАН. – 2000. – 165 с.
2. Губанова Е.С., Клещ В.С. Преодоление социально-экономического неравенства как условие устойчивого сбалансированного пространственного развития региона // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. – 2019. – № 5. – С. 44-57.
3. Меркушов В.В. Интегральная оценка уровня конкурентоспособности региона // Межрегиональные экономические сопоставления: Сб. статей. – М., 2004. – С. 24-38.
4. Ушвицкий Л.И., Парахина В.Н. Конкурентоспособность региона как новая регалия: сущность, методы оценки, современное состояние // Сборник научных трудов СевКавГТУ. Серия «Экономика». – 2005. – № 1. – С. 2-8.
5. Ларина Н.И., Макаев А.И. Роль экономических кластеров в усилении конкурентных преимуществ стран и регионов в условиях глобализации // Пространственный аспект стратегии социально-экономического развития региона. – Новосибирск: ИЭОПП СО РАН. – 2006. – С. 93-136.
6. Жихаревич Б.С., Крыловский А.Б. Опыт сравнительной оценки качества стратегического планирования в регионах Северного Кавказа // Экономика развития региона: проблемы, поиски, перспективы: ежегодник. – Волгоград: Изд-во ВолГУ. – 2011. – С. 217-229.
7. Портер М. Конкурентное преимущество: как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость? / М. Портер; пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. – 715 с.
8. Селезнев А. Инфраструктура рынка и конкурентоспособность России (методологические вопросы анализа и оценки) // Экономист. – 1996. – № 2. – С. 9-15.
9. Шеховцева Л.С. Конкурентоспособность региона: факторы и метод создания // Маркетинг в России и за рубежом. – 2001. – № 4. – С. 11-15.

Экономика

10. Фридман Ю.А., Речко Г.Н., Писаров Ю.А. Экономическая безопасность, экономическая защищенность и конкурентоспособность: региональный аспект / Вестник Кузбасского технического университета. – 2015. – № 1. – С. 122-125.
11. Наренова Н.А., Кенжебаева М.Т., Блялова А.К., Жантаева А.М. Факторы устойчивого экономического развития Казахстана // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2020. – №2(39). – С. 77-85.

REFERENCES

1. Revajkin A.S. Ob integralnom pokazatele socialno-ekonomicheskogo razvitiya territorii // Monitoring socialno-ekonomicheskikh processov v Respublike Kareliya. – Petrozavodsk: KarNC RAN. – 2000. – 165 s. [in Russian].
2. Gubanova E.S., Kleshch V.S. Preodolenie socialno-ekonomicheskogo neravenstva kak uslovie ustojchivogo sbalansirovannogo prostranstvennogo razvitiya regiona // Ekonomicheskie i social'nye peremeny: fakty, tendencii, prognoz. – 2019. – № 5. – S. 44-57 [in Russian].
3. Merkushov V.V. Integralnaya ocenka urovnya konkurentosposobnosti regiona // Mezhdregionalnye ekonomicheskie sopostavleniya: Sb. statej. – M., 2004. – S. 24-38 [in Russian].
4. Ushvickij L.I., Parahina V.N. Konkurentosposobnost regiona kak novaya regaliya: sushchnost, metody ocenki, sovremennoe sostoyanie // Sbornik nauchnyh trudov SevKavGTU. Seriya «Ekonomika». – 2005. – № 1. – S. 2-8 [in Russian].
5. Larina N.I., Makaev A.I. Rolekonomicheskikh klasterov v usilenii konkurentnyh preimushchestv stran i regionov v usloviyah globalizacii // Prostranstvennyj aspekt strategii socialno-ekonomicheskogo razvitiya regiona. – Novosibirsk: IEOPP SO RAN. – 2006. – S. 93-136 [in Russian].
6. Zhiharevich B.S., Krylovskij A.B. Opty sravnitelnoj ocenki kachestva strategicheskogo planirovaniya v regionah Severnogo Kavkaza // Ekonomika razvitiya regiona: problemy, poiski, perspektivy: ezhegodnik. – Volgograd: Izd-vo VolGU. – 2011. – S. 217-229 [in Russian].
7. Porter M. Konkurentnoe preimushchestvo: kak dostich vysokogo rezultata i obespechit ego ustojchivost? / M. Porter; perevod s angl. – M.: Alpina Biznes Buks, 2005. – 715 s. [in Russian].
8. Seleznev A. Infrastruktura rynka i konkurentosposobnost Rossii (metodologicheskie voprosy analiza i ocenki) // Ekonomist, 1996. – № 2. – S. 9-15 [in Russian].
9. Shekhovceva L.S. Konkurentosposobnost regiona: faktory i metod sozdaniya // Marketing v Rossii i za rubezhom. – 2001. – № 4. – S. 11-15 [in Russian].
10. Fridman Yu.A., Rechko G.N., Pisarov Yu.A. Economic securitatem, economic securitate et aemulatione, secundum Regionis / Acta Universitatis Kuzbass Technical. – 2015. – No. 1. – S. 122-125 [in Russian].
11. Narenova N.A., Kenzhebaeva M.T., Bljalova A.K., Zhantaeva A.M. Faktory ustojchivogo jekonomiceskogo razvitiya Kazahstana // Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezdunarodnoj torgovli. – 2020. – № 2(39). – S. 77-85 [in Russian].

Р.Т. Дуламбаева, А.Н. Турекурова, З.К. Жаныбаева, А.Е. Беделбаева

ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДОВ АНАЛИЗА И ОЦЕНКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ РЕГИОНОВ

Аннотация

Статья посвящена исследованию методов и методик оценки конкурентоспособности регионов. Исследованы теоретические основы и изучены концепции оценки конкурентоспо-

собности регионов, проведен анализ существующих методик и выработаны конкретные рекомендации по их применению. Проведен обзор наиболее часто используемой системы показателей оценки конкурентоспособности регионов. Для анализа тенденций социально-экономического развития региона были рассмотрены методы количественной оценки, основанные на макроэкономических показателях, интегральные методы оценки, рейтинговая оценка конкурентоспособности регионов, методы экспертных оценок и зарубежные методы оценки. Определены основные особенности методов анализа и оценки конкурентоспособности регионов. Сделаны выводы о том, что в методах оценки конкурентоспособности региона предпочтение отдается социальным факторам; количественные методы оценки региона могут использоваться как отдельно друг от друга так и комплексно; в зарубежных методиках используется система многих показателей, что позволяет проводить комплексный анализ.

R. Dulambayeva, A. Turekulova, Z. Zhanybayeva, A. Bedelbayeva

RESEARCH OF METHODS FOR ANALYZING AND EVALUATING REGIONAL COMPETITIVENESS

Annotation

The article is devoted to the study of methods and techniques for assessing the competitiveness of regions. The theoretical foundations of regional competitiveness are studied, the analysis of existing methods for assessing the competitiveness of the region is carried out, and specific recommendations are developed for the use of methods for assessing the competitiveness of the territory. The review of the most frequently used system of indicators for assessing the competitiveness of regions is carried out. To analyze trends in the socio-economic development of the region, quantitative assessment methods based on macroeconomic indicators, integrated assessment methods, rating assessment of regional competitiveness, expert assessment methods, and foreign assessment methods were considered. The main features of methods for analyzing and evaluating the competitiveness of regions are determined. It is concluded that in the methods of assessing the competitiveness of the region, preference is given to social factors; quantitative methods of assessing the region can be used both separately from each other and in a complex way; foreign methods use a system of many indicators, which allows for a comprehensive analysis.

